Технология FSMU. Основная характеристика технологии FSMU: эта технология позволяет учащимся 4-го класса узнавать о своих идеях и проблемах при решении спорных вопросов, обсуждении или в конце урока. Может использоваться при изучении раздела плана. Эта технология учит защищать свои идеи, свободно мыслить и передавать свои идеи, открыто обсуждать, анализировать и оценивать уровень знаний, полученных в процессе обучения, оценивать товарищей и владеть культурой обсуждения. Эта технология помогает учащимся четко и кратко выразить свои идеи на простой бумаге. Преподаватель распределяет четыре страницы технологии для каждого ученика и просит их заполнить ее индивидуально. F – вырази свою точку зрения; C – обоснуй свое заявление; M – предоставь обоснование по своим причинам; U – суммируй свою точку зрения. Учитель устанавливает тему для обсуждения с учениками, просит подгруппы прокомментировать то, что они пишут.

Одной из образовательных технологий в классе является Скарабей, интерактивная

технология, которая позволяет ученикам развивать свои мышление, логику, память, а также способность открыто выражать свои мысли в решении проблем. Технология Скарабей – это универсальная технология, используемая на разных этапах обучения: в начале – как стимул для учебной деятельности («мозговой штурм»); в процессе изучения содержания и при подведении итогов. Технология Скарабей легко усваивается учениками, так как разработана с учетом особенностей мышления. Технология предусматривает использование опыта, рефлексивных наблюдений, способность активно участвовать в творческих исследованиях и мысленных экспериментах. Хорошо известно, что процесс начального образования является сложным процессом. Организация этого процесса на основе современных требований и обеспечения преемственности в процессе непрерывного образования требует большой ответственности, знаний и навыков от учителя начальной школы. Выбор учебных материалов по математике для учащихся начальной и средней школы повышает эффективность результатов обучения, стимулирует обучение и защищает здоровье детей. Организация уроков математики с использованием информационных и коммуникационных технологий, использование мультимедийных технологий развивают активность школьников, умение самостоятельно мыслить.

Непрерывное образование – это система взглядов на образовательную практику, которая провозглашает учебную деятельность человека как неотъемлемую и естественную составляющую часть его образа жизни во всяком возрасте. Использование инновационных образовательных технологий в организации современного образовательного процесса способствует повышению качества и эффективности образования сегодня.

Список использованной литературы:

1. Юлдашев Ю.Г., Усманов С. *Передовые педагогические технологии*. Т: Инструктор, 2004.
2. Толипов Ю., Усманбаева М. *Внедрение педагогических технологий*. Т., 2006. 3. Атаева Г.И. *Технологический подход к образовательному процессу* // Academy. № 6 (33), 2018. С. 91-92.
4. Атаева Г.И., Турдиева Г.С. *Общие проблемы мировой науки* // Наука образование и культура. № 3 (27), 2018. С. 68-70.





МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

М.Б. Кияуазова

Атырау облысы Құрманғазин ауданы
 Оларға орта мектеп. Б.Бегалиева
 mhiyuazova@mail.ru

Аңдатпа. Оқу үрдісінің тиімділігін арттырудың маңызды факторларының бірі психологиялық қолайлы оқу климатын ұйымдастыру болып табылады. Мақалада мүмкіндігі шектеулі оқушыға «Социометрия» әдісі бойынша психологиялық зерттеулер мен талдаулар жасалған.

Аннотация. Одним из важнейших факторов повышения эффективности учебного процесса является организация психологически благоприятного учебного климата. В статье представлены психологические исследования и анализы школьника с ограниченными возможностями здоровья по методу «Социометрия».

Abstract. Creating psychologically comfortable climate in the educational process helps to improve its effectiveness. The article presents psychological studies of a student with special needs using the method of "Sociometry".

Түйін сөздер: мүмкіндіктері шектеулі балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлық, темперамент.

Ключевые слова: дети с ограниченными возможностями, виктимные дети, девиантное поведение, темперамент.

Key words: children with special needs, victimized children, deviant behavior, temperament.

Жыл санап мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген көзқарас өзгеріп келеді, яғни, орта оларды қоғамның белсенді мүшесі және өз тағдырына батыл сеніммен қарайтын жеке тұлға ретінде қабылдауда. Осы орайда педагог қызметкерлердің ең басты міндеті болып қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ерекшеліктерін анықтап, олардың отбасындағы қарым-қатынасын дамытып, дені сау балалармен аралас-құралас жағдай туғызу, қоғам мен жеке адамдардың түсінігінде жарымжан балаларға әркез жәрдем беруге әзірлік сезімін туғызуды қамтамасыз ету болып табылады. Кез келген бала бірінші кезекте қамқорлық пен көмекке ие болуы тиіс.

Балалар құқығы туралы Конвенцияды

былай делінген: «Тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүлдіктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие» [1].

«Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінде» білім беруге ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға мына санаттағы балалар жататыны белгіленген:

- мүмкіндіктері шектеулі балалар;
- мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар;
- қоғамда әлеуметтік бейімделуде

қиындықтары бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық деңгейі төмен отбасынан шыққан балалар) [2].

Бұл санаттағы балалар – өмірде түрлі қиындықтарға душар болған, қиындықтарға тап болған балалар екені белгілі. Осыны ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға ерте бастан кіріктірілуі, олардың болашақта толыққанды қоғам мүшесі болуына мүмкіндік жасалуда.

XXI ғасыр ғылым ғасыры, білімдегі жаңару, жаһандану ғасыры. Білім беруде болып жатқан өзгерістерді біліп-үйренуде, тәжірибеде жүзеге асыруда мұғалімге аса шапшаңдық, ілезде ілесу қажет. Әр күн сайын білім көзін парақтау, әр күн сайын бір жаңаны меңгеру қажеттілігін туындатады.

Мен өзім ұстаздық қызметте жүргеніме 30 жыл болған тәжірибелі ұстаз санатындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімімін. Әр алдыңа келген шәкірт – өзіндік ерекшелік қасиетке тұнған тұлға. Жеке тұлғаның қызығушылығы, жеке ерекшелік қасиеті, мінезі, денсаулығы – барлығы да ұстаз назарында болады. Ұстаз өз шәкіртіне білім мен тәрбие беріп қоймайды, нағыз ұстаз өз шәкіртінің жан дүниесін түсіне білетін дәрігер. Білім берер шәкіртінің сабақта өзін қолайлы сезінуін, өзгеден кем санамауын, өз құрдастарының арасында сыйласым мен құрмет қарым-қатынаста болуын қадағалау – мұғалім қызметінің ең негізгі бөлігі деп түсінемін. 2015-2016 оқу жылынан бастап мен сабақ беретін білім алушы оқушылар арасында бір көзінен жарақат алған (посттравматическая глазного яблока) мүмкіндігі шектеулі оқушы білім алуда. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мекемелерге оқыту тәжірибесі қалыптасу жолында. Жалпы білім беретін бағдарлама бойынша мектептерде оқытылатын мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы педагог, психолог, әлеуметтік педагогтің қолдауынсыз білім алады. Жалпы мектептердің психологтары мен мұғалімдері мүмкіндіктері шектеулі балалардың

олардың білім алу қажеттіліктеріне білікті көмекті көрсетуде қиналады. Нәтижесінде балалар оқытудың бірінші сатысынан ақ қиыншылықтарға тап болады. Бұрын өз тәжірибемде мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқыту болмағандықтан, білім алушымен қарым-қатынаста, сабақ үрдісінде бала жүрегін жаралап алмасам екен деген жүрексіну болды. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту әдістемелеріне, психологиялық әдебиеттерге көп сүйендім. Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» конвенциясына қол қойып, барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттеген. Менің алдымда «Менің сабағыма оқушы қызығып келу үшін қандай әрекеттер жасаймын?» деген сауал болды. Алдымен, мектеп психологі Нұргүл Амангелдіқызымен бірлескен түрде оқушыны жан-жақты тану үшін ата-ана рұқсатымен зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Білім алушының мінезін танып алу мақсатын көздедім. «Мінез» деген психологиялық қасиеттің төркіні гректің «характер» деген сөзінен шыққан. Мәнісі – із қалдыру. Психологияда бұл – дербестік мағынасы бар адамға байланысты ұғым. Мінез – әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы. Мінездің қасиеттері мен ерекшеліктері әркімде әрқилы жағдайда байқалып, адамның сол жағдайларға қатынасын білдіреді. Мінез ерекшеліктері – адамның даралық өзіндік психикалық қасиеттері. Мінез адамның жеке темпераментіне байланысты болады. Баланы әдейі ерекшелемеу үшін сол сыныппен түгел темперамент әдістемесін жүргіздік. Темперамент түрі-сангвиник екенін білдім. Сангвиник типіне жататын адамдар – ұстамды, салмақты, тұрақты. Қабілеттілігі, зейіні жақсы дамыған. Сангвиниктердің белгілі бір мақсатқа жетудегі белсенділігі өте жоғары деңгейде. Ұлы тұлғалар – Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариннің осы қатардан екендігі бала бойында шығармашылықпен



жұмыс жасауға деген талпыныс бар деген тоқтамға келтірді. Сынып ішіндегі Бақтиярдың алатын орнын білу үшін «Социометрия» әдісі бойынша сынып оқушылары зерттелді. Бұл әдісті мен 2014 жылы Қазақстан Республикасы педагог-кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары аясында екінші (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту курсынан өту кезінде жүргізу әдістемесін тренерім болған Орахова Амангүл Шахарбекқызының семинар-коучингтерінде меңгерген болатынымын. Сынып оқушыларына төмендегідей сауалнама ұсынылды:

1. Кіммен дос болғың келеді?

2. Кімге сырыңды жасырмай айта аласың?

3. Кімді топ басшысы сайлағың келеді? Социометрия әдісі бойынша зерттеудің нәтижесінде Бақтиярдың сынып ішінде орны бар оқушы екендігі, бойында ұйымдастырушылық көшбасшылық қыры бар екендігі танылды. Сынып ішінде көшбасшылық қыры бар деп танылған оқушылар 3-5 ұпай жинады, әрқашан сыныптан өзін бөлек ұстап жүретін оқушылар 1 ұпайдан жинады.

Проективті әдістер арқылы баланың тұлғалық қалыптасуын түсіндім. Қазақтың Ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаев: «Адамның адамшылығы – ақыл,ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»-деген ұлағат ойының тереңінде мұғалімге оқушымен жұмыс жасауда алдымен ата-ананың бірінші қолдаушы екендігін түсіндіреді. Ата-аналарға сауалнама жүргіздім. Сауалнама сұрақтарды төмендегідей мазмұнды құрады:

1. Баланыздың достарын жақсы білесіз бе?

2. Мектеп режиміне қалыптасты ма?

- әзірге жоқ

- жоқ

- иә

- жауапқа қиналамын

3. Өзінің сабақтағы жеткен жетістігіне

қуанып, сәтсіздіктеріне қинала ма?

- жоқ

- иә

- сөзсіз қиналады

- жауап беруге қиналамын

4. Балаңыз сізбен өз жүрегіндегі сырмен бөлісіп, ақылдаса ма?

- әзірге жоқ

- сирек бөліседі

- әрдайым бөліседі

- өте жиі бөліседі

5. Балаңыз тез әсерленгіш пе?

- негізінен эмоциясы жағымды

- әр түрлі, бірақ жағымсызы көп

- жағымсыз және жағымды әсері бірдей

- негізінен жағымсыз әсер

6. Балаңыз күнделікті сабақ оқуға қанша уақыт жұмсайды?

- анық көрсетіңіз.....

8. Балаңыз үй тапсырмасын орындауда қинала ма?

- әрқашан көмек керек

- өзім көмектесемін

- достарынан көмек сұрайды

- көмек қажетсінбейді

9. Балаңыз қай сабақты ынтамен оқиды?

10. Бос уақытында немен айналысқанды ұнатады?

Ата-анамен жүргізілген сауалнама қорытындысынан Бақтиярдың жақын достарын, белгілі бір тәртіпке бағынуда қиналатындығы, мұғалім тарапынан қолдау мен мадақтауды қажет ететіндігін, эмоциясын жасыра алмайтындығын, сүйіп оқитын сабақтары санатында өзім дәріс беретін әдебиет сабағының бар екендігін білдім. Педагогикалық, психологиялық бағытта жүргізген зерттеу нәтижесінде мен білім алушыны жан-жақты таныдым. Пәнім бойынша оқу мақсаттарыма өзгерістер енгіздім, сабақтың нәтижелілігін арттыру мақсатында тиімді инновациялық әдістерді оқушының жас ерешелігіне, шығармашылығына байланысты жоспарлайтын болдым. Ұстаз жұмысында қай-қай ісінде де тазалық, өз міндетіне деген адалдық сезіліп тұру керек. Ғылыми еңбектерде де бұл тұрғыда

жақсы баға берілген. «Педагогтің әділдігі оның адамгершілік беделін арттыра түседі. Ұстаз әр уақытта да талап қоя білу қажет. Ол оның жемісті жұмысының негізгі шарты болып табылады. Жоғары талапты мұғалім ең әуелі өзіне қоюы керек, демек, басқалардан өзіңде жоқ қасиеттерді талап ете алмайсың. Педагогикалық талап қою ойластырылған болуы керек. Тәрбиенің майталмандары даму үстінде жеке тұлғаның мүмкіншіліктерін ескеріп отырады». Әдебиет сабағы – адамгершілік әліппесі. Өз сабақтарында білімдегі жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдаланып отырамын. Сыныптағы барлық оқушылар үшін, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушы үшін сабақ үстінде қолайлы жағдай туындату, ынтымақтастық, бірлесе жұмыс жасау – менің сабақ жоспалаудағы басты міндетім. Сабақтың сапалылығы, нәтижелі өтуі оқушы көңіл күйіне, жас ерекшеліктеріне тән қызығушылығына байланысты болады. Сондықтан әр сабағымды жоспарларда алдымдағы шәкірттерім, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушының, неге қызығады, нені білгісі келеді деген сұрақтарының жауабын іздеп дайындаламын. Шебер саясаткер Уинстон Черчилльдің «Мен әрдайым оқуға құштармын, алайда мені оқытқан кезде әрқашан өзімді жайсыз сезінемін» деген түйінді ойы мұғалімнің әр сабағы шәкірті

үшін жаңалықпен қызықтырып, жайсыздық сезімді ұмыттыратындай жоспарлануы тиіс деп ойлаймын. Бақтиярдың жеке шығармашылық қырлары топпен, жұппен атқарылатын жұмыстарда жиі байқалды. Әдебиет сабағында өзім жиі пайдаланатын «Сахна төрінде» әдісі арқылы мен оқушы бойындағы әртістік қабілетті болжап, 7-сыныптан бастап оны өзім жетекшілік жасайтын «Нұршуақ» үйірмесіне шақырдым. Оқушының шешен сөйлеу, сахнада өзін-өзі ұстау, сахна мәдинеті қалыптасты. Үйірме сабақтары Бақтиярдың тұлғалық қасиеттерінің де танылуына, өзіндік ізденіс, зерттеушілік қырларының шыңдалуына көмектесті. Менің өз тәжірибемде байқағаным, сахна өнеріне талпынған шәкірттің өз-өзіне сенімділігі, есте сақтау, ынтымақтаса жұмыс жасау дағдысы, дұрыс шешім қабылдауы, адамгершілік қасиеттерінің биік байқалатындығы. Сабақты қызыға оқу – сабақтан тыс жұмыстардан бастау алады. Шәкіртке сенім білдіргенде, алдына ұлы мақсатты жол иірімін көрсеткенде ғана биік белестерді бағындыруға болатынын түсіндім. Әр ұстаз алдында отырған шәкіртінің табиғи дарынын танып, оны одан әрі дамытуға күш жұмсау керек. Ізденіс, шығармашылық, білуге құштарлық талаптары мұғалім жұмысын биік белестерден көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бала құқығы туралы Конвенция. 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Қазақстан Республикасының Заңы.
2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдемесі (01.06.2015 жылғы № 348): [//online.zakon.kz/](http://online.zakon.kz/)





АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ АККРЕДИТАЦИИ, КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ И РЕЙТИНГА ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЁННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

З.К. Баймуханова

КГУ «Средняя школа №4», г. Петропавловск
baimuxanova160470@mail.ru

Аңдапта. Мақала сапалы білім беру қағидаттарын жүзеге асырудың негізгі аспектілерінің бірі ретінде жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім беру мекемесін аккредиттеу, критериалды бағалау және рейтингінің өзекті мәселелерін негіздеу мәселесіне арналған. Білім беру ұйымының білім сапасын басқару алгоритмі ұсынылған. Оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне әсер ететін факторлар, әдістер мен жұмыс формалары көрсетілген. Нәтижелік көрсеткішке ең көп әсер ететін факторларға талдау жасалып, оқу үдерісінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар тұжырымдалады.

Аннотация. Статья посвящена проблеме обоснования актуальных вопросов аккредитации, критериального оценивания и рейтинга образовательного учреждения в условиях обновлённого содержания образования как одного из главных аспектов реализации принципов качественного образования. Приведен алгоритм управления качеством образования учебной образовательной организации. Представлены факторы, способы и формы работы, влияющие на эффективность образовательного процесса. Приведен анализ факторов, оказывающих наибольшее влияние на результирующий показатель, и сформулированы рекомендации по повышению эффективности учебного процесса.

Abstract. The article is devoted to the problem of accreditation, criteria-based assessment and rating of an educational institution in the context of the updated content of education. An algorithm for managing the quality of education in an educational organization is presented. The factors, methods and forms of work influencing the effectiveness of the educational process are provided. Recommendations on how to improve the effectiveness of the educational process are given.

Түйінді сөздер: білім сапасы, білім беру сапасын басқару, оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне әсер ететін факторлар, жұмыс әдістері мен формалары.

Ключевые слова: качество образования, управление качеством образования, факторы, способы и формы работы, влияющие на эффективность учебного процесса.

Key words: quality of education, education quality management, factors, methods and forms of work that affect the effectiveness of the educational process

В современном мире происходят глобальные изменения во всех сферах деятельности человека. И самым важным на протяжении всей жизни каждого гражданина Республики Казахстан является образование.

Средняя общеобразовательная

школа является базовым звеном системы непрерывного образования. Важными критериями качества оценки учебных достижений являются объективность, реальность и валидность. Объективность относится к измерению, в котором результаты независимы от

личности проверяющего, когда оценка производится несколькими людьми. Следствием объективности выступает реальность и валидность критериев. В общеобразовательной школе объективность понимается как контролируемая субъективность. Реальность описывает уровень точности, с которой оценен определенный результат. При повторной проверке ранее полученных достижений должна быть получена та же (или лучшая) оценка. Валидность обозначается тем, что оценивается именно то, что должно оцениваться. Для усовершенствования порядка оценивания необходимо перейти к совместной деятельности учителя и обучающегося по повышению качества результатов подготовки. В практике учителя есть определённое обсуждение критериев оценивания того или иного задания вместе с учениками до начала выполнения упражнения. При таком плане действий каждый ученик будет знать, что ожидает от него учитель и будет идти к намеченному результату. Существует практика перехода к содержательной оценке успехов и неудач учеников, а не выставление баллов при проверке знаний по предмету. Модернизация контрольно-оценочной системы не выступает самоцелью. Приходит понимание того, что она выполняет дополнительную роль по отношению к содержанию и организации образовательного процесса и не имеет самостоятельных целей. Традиционные методы и формы оценивания не отменяются при процессе модернизации контрольно-оценочной системы. Они лишь способствуют эффективной организации многоуровневого и многофункционального контрольно-оценочного процесса для доведения его характеристик до степени, адекватной современным миссиям модернизации образования. Введение новых оценочных операций должно сопровождаться сокращением традиционных методов оценивания и приводить к созданию гибкой современной

системы оценивания учебных результатов учащихся. При соблюдении курса по модернизации контрольно-оценочного процесса должно происходить коррекция и обновление. Исследования в области оценивания позволяют выделить современные направления развития практики оценивания успехов учащихся: 1. Преимущество письменной формы оценивания знаний. 2. Складывание достижений текущего контроля и экзаменационных баллов в итоговой оценке. 3. Использование персонального рейтинга как одного из показателей результативности в обучении. 4. Применение компьютерных методов тестирования как вспомогательного средства. 5. Употребление много-балльных шкал оценивания вместе с основной классической пятибалльной шкалой.

Основные проблемы качества определяются традиционными, даже устаревшими, подходами к его обеспечению и существующими в образовательной сфере управленческими стереотипами. Первостепенное значение имеют результаты образовательной деятельности. Они составляют основу статистических данных и являются главными показателями деятельности образовательных учреждений, муниципальных и региональных образовательных систем. Таким образом, оценка деятельности образовательных учреждений по результатам успеваемости учеников в конце четверти, года, по профессиональному росту педагогов является самым значимым. Однако обеспечение качества с практической точки зрения должно быть основано на принципах системного и процессного подхода, принципе «Подходы к оцениванию учебных достижений в процессе обновленного содержания образования, непрерывного управления, оперативного реагирования на изменение ситуации».

Основными факторами, влияющими на качество образования, являются такие определяющие как кадровый потенциал,



условия труда, материально-техническая база, финансирование, система оценивания знаний, нормативно - правовая база, использование инновационных технологий и стратегий обучения, повышение уровня мотивации учеников и условий для профессионального роста педагогов. Проведя анализ влияния приведенных факторов на эффективность учебного процесса, мы выяснили, что наибольшее влияние на результирующий показатель оказывают такие факторы, как кадровый потенциал, материально-техническая база, финансирование и уровень мотивации учеников.

Комплекс указанных факторов позволяет решить задачу достижения нового качества. Однако это невозможно без эффективного управления и контроля, в том числе и контроля качества знаний. Все эти компоненты могут повлиять на эффективность образовательного процесса. Качество образования – это характеристика системы образования, показывает степень соответствия ресурсного обеспечения, образовательного процесса, образовательных результатов нормативным требованиям, социальным и личностным ожиданиям. Приведем пример работы нашей школы. Ежегодно план работы составляется в соответствии с Государственной программой развития на 2020 – 2025 годы, основными нормативными документами МОН РК и Управления образования СКО, планами работы на год ГОРУО города Петропавловска. На заседании педагогического совета школы определяются приоритетные направления, а также цели, задачи работы по системному управлению качеством образования.

В первую очередь, это системный подход по проведению внутришкольного контроля, который предполагает охват как дошкольного, начального, среднего и старшего ступеней обучения класс – комплектов в школе. Системный подход заключается в ежемесячном посещении уроков учителей – предметников,

проведении контрольных срезов по отдельным предметам классов, состоящих на контроле по устранению пробелов знаний, и тщательном анализе работы преподавателей с целью оказания методической помощи. Рефлексивный отчет по деятельности отдельных педагогов проходит на заседании методического совета школы, а также на заседаниях малых педсоветов по адаптации учащихся первых, пятых классов и классов предшкольной подготовки. Система оценки достижений результатов освоения основной образовательной программы общего образования представляет собой один из инструментов реализации требований Стандарта к результатам освоения основной общеобразовательной программы образования и является необходимой частью повышения образовательных достижений каждого обучающегося. Меняется роль системы оценивания в общеобразовательном процессе. Система оценивания выступает не только как средство обучения, но и как самостоятельный и самооценочный элемент содержания, средство повышения эффективности преподавания и учения, фактор, обеспечивающий единство вариативной системы образования, регулятор программы обучения.

На совещании директора заслушиваются еженедельные отчёты по мониторингу успеваемости 9 - 11 классов, а также классов с углубленным изучением предметов естественно – математического цикла. Заместители директора по УР и ВР, а также по НМР реализуют комплексный охват по контролю деятельности МО учителей – предметников. По итогам учебных полугодий – рейтинг качественной деятельности каждого учителя и анализ работы. Для проведения рейтинга на заседании августовского педагогического совета проводится анкетирование педагогов по комплексному пониманию новых подходов в образовании, научно – исследовательской работе с одарёнными детьми, а также с детьми с низкой мотивацией к обучению.

Для полного видения пробелов в работе выстроена комплексная мониторинговая работа, которая предусматривает включение в работу заседаний Попечительского Совета школы, актива председателей родительского комитета младшего, среднего и старшего звена. Проведенная работа полностью освещается на сайте школы, на страницах Facebook, Instagram. Данное направление даёт полную «прозрачность» во всех направлениях деятельности по качеству образования и предоставляемых услуг школой.

Электронный школьный журнал работает как интерактивная экспертная система контроля качества образования, осуществляющая дифференцированный подход к каждому обучаемому, выстраивающая и анализирующая его индивидуальную образовательную траекторию в течение всего периода обучения. Это программный комплекс для хранения и обработки информации об успеваемости учащихся, выполненный в виде клиент-серверного приложения и ориентированный на применение в образовательном учреждении. И администрация, и учителя, пользуясь таким журналом, облегчают свою работу с бумагами. Стоит отметить, что и для родителей он удобен. С помощью электронного журнала легко можно проконтролировать ребенка. Для чёткого соблюдения качества оценивания обучения учащихся проводится еженедельный мониторинг ведения электронного журнала Күнделік, где учителя информатики и физики ведут отчет по каждому предмету, что позволяет видеть системность в работе учителей – предметников, ведение журналов по обучению детей с ООП, а также кружков и секций, дополнительных занятий с одарёнными детьми.

Работа с одарёнными детьми – это целенаправленная работа каждого учителя и отражается результативной деятельностью на конкурсах и олимпиадах, в творческих работах как детей, так и родителей, ежегодно

у нас в школе в апреле проводится научно – практическая конференция «Открывая мир науки», где совместно с преподавателями магнитных школ, которые являются членами жюри, оценивается подготовка и качество исследовательских проектов на «Зерде» и учащихся 8 – 11 классов. Являясь ведущей школой в регионе, ежегодно мы проводим конференцию для педагогов магнитных школ, где делимся своими наработками в процессе обучения, обсуждаем проблемные зоны и, посещая уроки, выявляем самые лучшие профессиональные направления в работе наших школ. Учителя – тренеры - Шумило А.С., Артамонова О.Н., Искожина А.А., Искожина У.Э., Бугаёва Р.Д., Мейрманова А.К., Баймуханова З.К. проводят ежемесячно заседания коучинг – сессии, на которых происходит обмен опытом, изучение нормативных и теоретических материалов по обновленному содержанию образования и концепции воспитания школьников. Являясь заместителем директора по научно – методической работе в школе я провожу по плану работы заседания по совместному поурочному планированию как горизонтальному, так и вертикальному, что позволяет увидеть детализацию форм работы и видение перспективы в плане работы по усовершенствованию формы работы педагогов по повышению мотивации обучения учащихся. Проведение в школе конкурсов «Самый лучший педагог», «Лучший классный руководитель», «Лучший молодой специалист» даёт чёткую сконцентрированную работу среди учителей школы, вызывает интерес к конкурентоспособности в профессиональной деятельности, что, несомненно, не вызывает затруднений в подготовке материалов на Республиканский конкурс «Лучший педагог» и авторских программ по направлениям изучаемых в школе предметов. Участие наших педагогов в ежегодных профессиональных конкурсах, таких как конкурс видео – уроков, «Педагогический дуэт», проводимых АО



НЦПК «Өрлеу» ИПК СКО, - показатель повышения мотивации в педагогической деятельности. В предверии конкурса «Воспитание с изюминкой» идёт подготовка видео материалов и лучшие работы представляются на конкурс как результат работы школы.

В работе над повышением качества подготовки и переподготовки квалификации и прохождения аттестации учителя проходят собеседования с администрацией школы, где по результатам деятельности педагога даётся полный анализ и методические рекомендации по улучшению качества материалов и перспективного развития и профессионального роста, лучшее портфолио педагога награждается денежным сертификатом на педагогическом совете, что и даёт качественный стимул в работе каждого педагога. Ежегодно учителя проходят курсовую переподготовку и

по выявленным причинам недостаточного роста профессионального развития педагогов в школу приглашаются на практические занятия лучшие тренеры - специалисты с ЦПМ и АО НЦПК «Өрлеу» ИПК СКО, учителя мастера и педагоги – исследователи с магнитных школ города и области, трансляции проводятся через платформы ZOOM, GOOGLE MEET.

По итогам работы школы в конце учебного года выпускаются методические сборники педагогов, методической службы школы. Системный подход в улучшении качества всех ступеней образования – это в целом совершенствованная система управления образованием, где согласование работы с руководителем – лидером полностью предопределяет траекторию развития и выполнения поставленной миссии школы.

Список использованной литературы:

1. Басовский Л. Е. Управление качеством: учебник / Л. Е. Басовский, В. Б. Протасьев. – Москва: ИНФРА, 2001. – 212 с.
2. Бахмутский А. Е. Мониторинг школьного образования: проблемы и решения / Бахмутский. А.Е. – СПб.: КАРО, 2007. – 176с
3. Государственная программа «Образование», утверждена Указом Президента Республики Казахстана №448 от 30.09.2000г.
4. Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан, утверждена Приказом Министра образования и науки РК №521 от 16.11.2009г.
5. Послание Президента К.Токаева. Сентябрь. [Режим доступа] - https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomartatokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g
6. Федотова Л. Д., Рыкова Е. А. Теория и практика контроля и оценки профессиональных знаний и умений // Профессиональное образование. 2000. – №7. 3. Зайцев В. Мониторинг как способ правления качеством обучения / В. Зайцев // Народное образование. – 2002. – №9. – С. 83-91.



ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

Н.О. Ержігітова

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы
«Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясы» КММ
nursuly121274@mail.ru

Аңдатпа. Бүгінгі заман талабына сай, әлемдік білім кеңістігі деңгейінде сапалы білім беру үшін бастауыш сынып балаларының тілдік құзыреттілігін арттыру арқылы оларды сауатты болуға үйретуіміз қажет. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, жан - жақты дамуына көңіл бөлу, ғылыми - зерттеу дағдыларын қалыптастыруымыз керек. Берілген жұмыста қазақ тілі сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттырумен қатар, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыратын жаңа технологияларды қолдану керектігін ұсынамыз.

Аннотация. В соответствии с современными требованиями для качественного образования на уровне мирового образовательного пространства необходимо обучать детей начальных классов быть грамотными, повышая их языковую компетентность. Мы должны развивать творческие способности учащихся, уделять внимание всестороннему развитию, формировать научно - исследовательские навыки. В данной работе мы предлагаем не только повысить функциональную грамотность младших школьников на уроках казахского языка, но и использовать новые технологии, которые создают потребность в непрерывном саморазвитии.

Abstract. According to modern requirements for high-quality education in the modern world, it is necessary to teach primary school children to be literate by increasing their language competence. Developing learners' creative abilities and their research skills is of utmost importance. This paper proposes ways to improve the functional literacy of younger learners during the Kazakh language lessons, and ways to use new technologies that help to increase interest for continuous self-development.

Түйінді сөздер: үздіксіз білім, қазақ тілі, грамматика, құзыреттілік, дағды.

Ключевые слова: непрерывное образование, казахский язык, грамматика, компетенции, навыки.

Key words: continuing education, the Kazakh language, grammar, competencies, skills.

Оқу-тәрбие жұмысының негізі – сабақ. Сабақ – оқытудың барлық кезеңінде мұғалім мен баланың бірлесіп істейтін тиімді әдістерінің жүйесі. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, өз бетінше білімін толықтыруға дағдыландыру сияқты жұмыстар сабақ барысында жүзеге асырылады[1]. Бастауыш сынып

оқушыларының тіл байлығын молайту, олардың тілдік құзыреттіліктерін арттыру үшін сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану мен грамматикалық тапсырмаларды орындату маңызды. Сонымен қатар, сабақта қолданылатын мәтін мен жаттығулар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуінің маңызы

зор. Пәнаралық байланыс болуына, сабақтың өмірмен байланыстылығына мән беру қажет. Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту әр сабақтың міндеті деп есептеймін.

Әдеби тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда грамматикалық ережелерді меңгеріп, оларды түсініп, дұрыс қолдана білудің маңызы өте зор. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес, лексикалық және грамматикалық тақырыпты меңгерту – оқу үдерісіндегі күрделі жұмыс. Мен қазақ тілі сабақтарында әдеби тіл нормаларына сәйкес грамматикалық ережелерді дұрыс түсініп, меңгеріп, орынды қолдана білу дағдыларын дамыту мақсатында оқылым мәтіндері, сөздер мен сөз тіркестері бойынша талдау жұмыстарын жиі жүргіземін. Мәтінмен жұмыс істегенде, оқушыларды әдеби тілдік норма қағидаларымен таныстырып, ойын дұрыс айта білуге, сұрақтар қоя білуге, берілген сұрақты түсініп, нақты жауап беруді үйретуге тырысамын. Мәтінде кездесетін таныс емес сөздермен, сөз тіркестерімен және меңгерілген жаңа сөздермен сөйлем құрастыруға, әңгімелей білуге, сөйлемдегі қызметін анықтауға дағдыландырамын. Әр сыныпта тақырыптар бойынша тест сауалдарын қолданып, жарыс, саяхат, ойын сабақтарын да өткіземін. Әрине, жаңа заман сабағы дәстүрлі тақта мен бор арқылы емес, электрондық құралдардың көмегімен, интерактивті тақтамен оқушылардың белсенділіктерін арттыра отырып өткізіледі. Өз тәжірибемде интерактивті тақтаны қолдана отырып, әр бөлімнен кейін «Білімпаздар сайысы», «Тіл білгірі» атты сыныптан тыс сайыс сабақтарын өткізіп тұрамын. Мұндай сайыс сабақтар балалардың бөлім бойынша алған білімдерін бекітуге орасан зор септігін тигізеді. Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа

әдістерін, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды [2]. Осы мақсатта қазақ тілінен бастауыш сынып оқушыларына арналған грамматика, емле, талдау жұмыстары бойынша көмекші құралдарды пайдаланамын. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып білім сапасын арттыру, сондай-ақ рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу – осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі [3].

Қазақ тілі сабақтарында жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі өте зор. ХХІ көшбасшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. ХХІ ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – бала шығармашылығының бастауын, қайнар көзін ашып, оны тұлғалық тұғырға көтеру, функционалдық сауаттылығын арттыру [4]. Алайда, сабақ барысында әдеби тілдік нормаларды бала санасында бекітуде грамматикалық тапсырмалар берудің маңызы зор. Талдау тапсырмалары – тілдік құзыреттілікті дамытудың ең тиімді тәсілі. Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім – білік, дағдыларды меңгерте отырып, жаңа педагогикалық технологияларды шебер пайдалана білу арқылы оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру, сабақтағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, сол арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Осы мақсатқа қол жеткізу арқылы Қазақстан оқыту деңгейі мен сапасы жағынан жетекші елдер тобына қосылады деп күтіледі. Бұл жолда атқарылатын сан жұмыстың бағдары төмендегідей:

- оқушылардың тұлғалық қабілеттерінің дамуындағы функционалдық;
- сауаттылықтың мәні мен маңызын оқыту үдерісінде саралай түсу;

- қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын мәдениеттанымдық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық, оқу-танымдық құзыреттіліктер негізінде дамыту әдістемесін басшылыққа алу;
- қазақ тілінен оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыратын басты ұстанымдарды анықтау;
- оқушылардың қазақ тілінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ұсынылған әдістемелік жүйелердің тиімділігін практикада сабақтың нәтижелері арқылы дәйектеу.

Тілдің грамматикасын білу арқылы оқушылар бір-бірімен сөйлесуді, қойылған сұрақтарға жауап беру және қойылған сұрақты түсініп дұрыс жауап қайтару сонымен қатар төл дыбыстарды дұрыс дыбыстап айту, сауатты жазуға үйренеді. Ауызекі сөздердің жалпы міндеті – сөздің мағынасын түсініп, оны дұрыс қолдану. Ол үшін сөз қорын молайту қажет. Әр сыныптың бағдарламасына жеке сөздерді жаттатумен тынбай, сол сөздерді қатыстыра отырып, дұрыс сөйлем құрастыруға үйрету. Оқушы ең алдымен тілдің дыбыстық құрылысын меңгеруі шарт. Оқушылардың өздеріне айтылған сөзді тыңдай білуі, оны түсінуі, сөйлесе білуі, сұрақтарға жауап беру, сұрақтар қоя білуі – мұның бәрі олардың сөздік қорына, тілдің грамматикалық құрылысын дұрыс меңгеруіне байланысты. Оқушыларды ерте жастан әдеби сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру үшін естігенін, оқығанын, түсінгенін айта білуге жаттықтыруы керек. Оқушының түсінгенін тыңдау арқылы оның сөздік қорын, сөйлем құрастыру дағдысын, мәтін мазмұнын қалай түсінгенін анықтауға болады. Бірінші кезекте бастауыш сыныпта қазақ тілі пәнінен фонетика, лексика, морфология тарауы бойынша алған білімі маңызды болмақ. Сондықтан бастауыш сыныптан бастап оқушыларды фонетикалық, лексикалық, морфологиялық талдауға машықтандыру керек. Талдаудың бұл түрлерін сабақ үстінде жүйелі түрде қолдану оң нәтиже

береді. Оқушыға талдауды топ ішінде, жұппен, өздік жұмыс түрінде орындауға тапсырма беруге болады. Талдауды жасатудың маңыздылығы: үйренуші оқу мақсатын саналы түсініп, оның қажеттілігін сезінеді. Оқушы алған білімін саналы түрде қайталап, есіне жақсы сақтайтын болады деп ойлаймын. Тілдік материалға талдау жасатуда қандай мақсат көзделсе де, тілдік деңгейлердің қайсысы алынса да, талдау жұмысы кешенді түрде жүргізілгені дұрыс. Кешенді түрде жүргізілген талдаудан алдымен, оқушының қай тақырыптарды білмейтіні, дұрыс меңгермегені бірден анақталады, сондай-ақ талдауды тұрақты және жүйелі жасату шәкірт біліміндегі олқылықтарды толықтыруға септігін тигізеді. Бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілі сабағында грамматикалық талдау жұмыстарын орындату арқылы, оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, тілдік құзыреттіліктерін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Оқушылардың танымдық, интеллектуалдық қабілетінің дамуынан, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдылары қалыптасады, сауатты жазуға машықтанады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабақтарында оқушыларға грамматикалық тапсырмалар беру арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:

Грамматикалық тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлануы арқылы пәнге деген қызығушылығы артады;

Тіл білімі бойынша алған білімдері тереңдетіліп, сауатты жазуға машықтанады;

Пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орын алуға мүмкіндік береді;

Пән бойынша сырттай бағалау сынақтарына дайын болады.

Әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, сынып ұғымын қалыптастыруға, ата-аналармен ынтымақтасуға, оқуда қиындық көріп жүрген оқушыға көмек көрсетеді. Өз тәжірибемде сабақ сапасын арттыруда, жақсы білім



дәрежесіне жетуде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып келемін. Әрбір нақты сабақтың сапасы мен тиімділігі оның мақсаты мен нәтижесінің сәйкестігі бойынша анықталуы тиіс. «Мұғалім әрдайым ізденісте болса

ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзыреттілігі арқылы айқындалады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бастауыш мектеп. 2012 ж. №3
2. Қазақ тілінің грамматикасы. 2 том Синтаксис «Ғылым» 1967ж, 48 бет
3. Д.Исабаева «Ақпараттық – коммуникациялық технология құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру мазмұны» Бастауыш мектеп 12/ 2008
4. Балақаев М, Қордабаев Г, Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис 1977 ж, 81 бет



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БОЛМЫСЫН АШУДАҒЫ ГРАФИКАЛЫҚ ОРГАНАЙЗЕРЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Г.К. Ерханова

№2 орта мектебі, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы Дихан ауылы

Аңдатпа. Графикалық органайзерлер – білім алушыларға пәннің әрбір тақырыбынан білімді игерудің міндетті талабының көлемін нақты алуына мүмкіндік береді. Графикалық органайзерлерді пайдаланғанда сызбаның оқушы ұғымына сай болуына көңіл бөліну керек. Графикалық органайзер – сабақтың бейнежоспары. Графикалық органайзерлерді пайдаланудың нәтижесі – тақырыптың тұтастығын, қисындылығын, ықшамдылығын, көрнекілігін қамтамасыз етеді, оқушылардың білімін тиянақтайды, алған білімін оңай еске түсіруге көмектеседі. Графикалық органайзерді пайдалану оқушыларға сапалы білім беру, оқу бағдарламасындағы білімді қамту мен кеңейту жүйесін жүзеге асырудың тиімді жолы ретінде қарастырылған.

Аннотация. В статье описывается использование графических органайзеров на уроке. Отмечается, что использование графических органайзеров обеспечивает целостность, логичность, компактность, наглядность темы, закрепляет знания учащихся, помогает легко вспомнить полученные знания. Использование графического органайзера предусмотрено в качестве эффективного способа реализации системы качественного образования учащихся, охвата и расширения знаний в учебной программе.

Abstract. Graphic organizers allow learners to acquire and master knowledge in any subject. Using graphic organizers results in integrity, consistency, compactness, clarity of the topic, strengthens the knowledge of students, and helps to easily recall the knowledge gained. It is an effective way to expand and deepen knowledge and to develop critical thinking skills.

Түйінді сөздер: графикалық органайзер, кейіпкер, образ, сызба, жетістік, нәтиже, анализ, сыни ой.

Ключевые слова: графический органайзер, персонаж, образ, схема, достижение, результат, анализ, критическая мысль.

Key words: graphic organizer, character, image, scheme, achievement, critical thinking.

Бүгінгі білім берудің жаңа жүйесі мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің зерттеу жұмыстарымен сабақтастығын талап етеді. Бұл мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру әрекетін ұйымдастыруда, шығармашылыққа баулуда, сыни көзқарас қалыптастыруда маңызды істердің бірі. Қазақ әдебиеті сабақтарында кез келген көркем шығарманы оқыту кезінде оқушыны

зерттеуге үйретудің бірнеше тәсілі бар. Графикалық органайзерлер арқылы оқушы өз бетінше жұмыс істей отырып кез келген кейіпкердің біз тани бермейтін сипатын ашуы мүмкін. Ал топтық жұмыстар арқылы графикалық органайзердің негізінде олардың шығармашылық қабілеттері ашындалып, білімдері артатын болады [3-276].

Қазақ әдебиеті бағдарламасының

мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Осы ретте графикалық органиайзерлерді пайдаланудың тиімділігі өте зор [4].


Графикалық органиайзерлерді пайдалану арқылы мұғалім:

- жеке, жұптық, топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыра алады;
- Сызбаға сәйкес зерттеу жұмысын ұйымдастыра алады;
- Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады;

- Эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал етеді;

- Сыни көзқарасын жан-жақты көрсете білуіне ықпал етеді [1-346].


«Көп шеңбер» әдісі. Шахмардан Құсайыновтың «Томирис» драмасы (10-сынып). Берілген диаграмманы «10.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау» оқу мақсатын ашуда пайдалану тиімді. Негізгі кейіпкерлер бойынша бірнеше шеңбер сызылып, сыртқы шеңберлерге кейіпкерлердің жеке қасиеттері жазылады., ішкі шеңберлерге кейіпкерлердің ортақ қасиеттері жазылады. (1-сурет)



«Балық қаңқасы» әдісі.

Берілген сызба арқылы сабақта «10.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; 10.2.2.1 - шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы айқындау;» оқу мақсаттарына да жетуге болады. Яғни мұнда балалар проблемалық сұрақты ашу барысында кейіпкер жүйесін жинақтай

отырып, автор айтпақ болған ойды, идеяны анықтайды. Мысалға Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері» романын алайық: шығармада авторлық идея ұрпақтың кек қумай, еңсесін түсірмей, ұлттық құндылықты ұлықтап, қазақ халқының қасиетін арттыруға негізделеді. «Шақан не үшін кектенді?» балық басына проблемалық сұрақ осылай берілді. (2-сурет)



Келесі кейіпкер болмысын ашудағы ең тиімді әдістердің бірі - «Өрмекші» сызбасы. Бұл сызбаға мысал ретінде Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романын алып отырмын. Жүсіпбек Аймауытовтың қаламынан классикалық реализм үлгісінде туған көлемді прозалық шығарма. «Ақбілек» романында 1918-1919 жылдардағы қазақ ауылының басына түскен ауыртпалық пен қазақ қызының тағдырын ұлттық таным тұрғысынан талдап көрсеткен. «10.2.2.1 - шығармадағы авторлық идеяның өмір

шындығымен байланысын айқындау; 10.1.3.1 - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;» оқу мақсатына жетуде «Өрмекші» әдісінің тиімділігі зор. Ақбілек образын «Өрмекші» сызбасына салып, ашып көрелік. Ең алдымен өрмекшінің аяқтарына Ақбілекке қатысты мінез ерекшеліктерін айқындайтын тірек сөздерді орналастырамыз. Одан соң, тірек сөздерді қолдану арқылы өрмекшінің денесіне негізгі ойлар, идеяларды сөйлем түрінде беріп көрсетеміз (3-сурет).



«Кейіпкер» әдісі. Бұқар жырау «Әй, Абылай, Абылай» (9-сынып). Оқу мақсаты: 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау. Оқушылар жұпта Бұқар жыраудың «Әй, Абылай, Абылай» өлеңін оқиды, тірек сөздердің астын сызып, өлеңнің идеясы мен тақырыбын талқылап, «Кейіпкер» әдісі бойынша кестені толтырады. Оқушыларға кейіпкер кестесін


толтыру барысында мұғалім суретті ұсынып, образды тереңірек ашуға бағыттауына болады (4-сурет).





Шығарманың атауы	Кейіпкері	Қасиеттері қалай суреттелген	Кейіпкерге берілетін баға	Ой-тұжырым, мақал-мәтел, даналық сөз
Бұқар жырау «Әй, Абылай, Абылай»	Абылай хан	Елу жасқа келгенде, Үш жүздің бар баласын Бастап өзің келдің де, Аттарының бастарын Бір кезеңге тіредің.	Үш жүздің басын біріктіруші, әділ билеуші	Алтау ала болса, Ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, Төбедегі келеді.

«Эмоция» кестесі. Балаларға ең ұнайтын сызбалардың бірі – осы «Эмоция» кестесі. Көркем шығармадағы кейіпкер болмысын талдауда «Эмоциялық кестені» толтырудың өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда оқушылар өздігінен оқыған көркем шығарма кейіпкерінің эмоциясын кестеге түсіру арқылы оның болмысын ашады. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі (5-сынып) Оқу мақсаты: 5.1.3.1. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу (5-сурет).



Әдебиет сабақтарында қолдануға болатын графикалық органайзерлердің үлгілері және олардың атқарар қызметтерін негізге ала отырып, төмендегідей қорытынды шығаруға болады:

- Оқушы бірлесе жұмыс істеуге дағдыланады, яғни жеке, жұппен, топпен жұмыс істеудің маңызын біледі;
- Өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді;
- Сыни ойлауды қалыптастырады;
- Өз өзіне баға беруге, сыныптастарын бағалай алуға, өзара сыйластыққа үйренеді;
- Бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға дағдыланады;
- Сызба арқылы сөйлеуге бейімделеді;
- Уақыт ұтымды пайдаланылады;
- Оза оқуға мүмкіндік береді;
- Теорияның негізгі түйінін таба біледі;
- Дәлелдеуді үйренеді;
- Эстетикалық талғамын қалыптастырады.
- Пәнге қызығушылығы артады [2-466].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жексенбаева У.Б. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. – Алматы: РАДиАЛ. – 2006. – 32 б.
2. Аубакирова Р., Нұрбекова М. Педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2011. – 128 б.
3. «Балабақша-мектеп-колледж – жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді үздіксіз оқыту» Стандарты. – Астана, 2014
4. <https://bilimainasy.kz/06-05-19/>

ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН САБАҚТА ҚОЛДАНУ

Ж.М. Бактигереева

Б. Бегалиев атындағы жалпы орта мектебі
Атырау облысы Құрманғазы ауданы Құрманғазы ауылы
e-mail: bjm-atyrau@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі таңда білім берудің барлық салаларында оқытудың тиімді тәсілдері мен инновациялық технологиялары мен заманауи әдістерді қолдану өсуде. Сонымен қатар барлық пәндерде заманауи технологияларды кеңінен қолдану оқу процесінің тиімділігін арттыруға қызмет етеді. Бұл мақалада ағылшын тілін үйренуде заманауи әдістер мен технологиялардың рөлі талқыланып, әдістер мен инновациялық технологиялар егжей-тегжейлі баяндалған.

